

Қазақстан Республикасындағы теміржолшылар мен көлік құрылысшылары Кәсіподағы құрылтай съезінде 1992 жылғы 26 наурызда бекітілген

Қазақстан Республикасындағы теміржолшылар мен көлік құрылысшылары Кәсіподағының кезектен тыс съезінде өзгертулермен және толықтырулармен 1995 жылғы

6 желтоқсанда бекітілген

«Қазақстан Республикасының теміржолшылар кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің IV съезінде өзгертулермен және толықтырулармен 2000 жылғы 21 қыркүйекте бекітілген

«Қазақстан Республикасының теміржолшылар кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің IV съезінде өзгертулермен және толықтырулармен 2010 жылғы 29 қыркүйекте бекітілген

Қазақстан Республикасының теміржолшылар кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің кезектен тыс VIII съезінде толықтырулармен 2014 жылғы 19 қараша бекітілген

Қазақстан Республикасы көлік саласы кәсіби одағы Бірлескен съезінде толықтырулармен 2014 жылғы 12 желтоқсан бекітілген

Өзгерістер мен толықтырулар «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің 2022 жылғы 19 қантардағы №3 қаулысының 2 бабымен бекітілді

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің 2016 жылғы 21 қазандағы №4.п.1. қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

**«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Әрі қарай «Кәсіподақ» деп аталатын “Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы”ҚБ (ҚАЗКӨЛІККӘСП) өз мүшелерінің өндірістік және кәсіби мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған тәуелсіз, салалық, дербес қоғамдық бірлестік болып табылады.

1.2. Кәсіподақ заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Ата заңына, Заңдарына, халықаралық құқықтың көпшілік мақұлдаған нормаларына және осы Жарғыға сәйкес қызмет етеді.

1.3. Кәсіподақ жарғыны, құрылымды, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді және Кәсіподақтың басшылық органдары бекітетін, Кәсіподақтың ішкі қызметі үшін жергілікті актілерді дербес әзірлейді және бекітеді, қызметтің басым бағыттарын айқындайды, кәсіподақ органдарын құрады, қызметті ұйымдастырады, жиналыстар, конференциялар, съездер және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа да іс-шаралар өткізеді.

Кәсіподақ өз қызметінде барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардан, саяси партиялардан, жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктерінен тәуелсіз болады, олардың бақылауында болмайды және оларға есеп бермейді.

Кәсіподақтың олармен қарым-қатынастары тең ынтымақтастық және әріптестік қағидаттары негізінде құрылады.

1.4. Кәсіподақ басқа кәсіподақтармен қызмет істеуге құқы бар, республикалық және халықаралық кәсіподақ қозғалыстарына қатысады, ынтымақтастық жөнінде келісім негізінде басқа қоғамдық ұйымдармен және шетелдік кәсіподақ ұйымдарымен іскерлік байланыстарға түседі.

1.5. Кәсіподақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында іс-әрекет жасайды.

1.6. Кәсіподақтың банктерде есептік және басқа шоттары, мөрі, мөр табаны, бекітілген үлгідегі бланкілері болады.

1.7. Орналасқан жері: 010000 ,Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 6 үй.

2. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ НЫСАНЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Кәсіподақ қызметінің мәні: Кәсіподақ мүшелерінің жеке, ұжымдық, кәсіби және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру, көрсету және қорғау, қайырымдылық қызметіне қатысу, мәдени және спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатысу, ақпараттық хабардар ету, патриоттық тәрбие болып табылады.

2.2. Кәсіподақ өз мүшелерінің еріктілігі, тең құқықтығы мен ынтымақтастығы негізінде олардың еңбек, кәсіби, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтарын, кепілдіктері мен мүдделерін қорғау мақсатында құрылады және қызмет етеді.

2.3. Кәсіподақ өзінің мүшелерін қорғау үшін өзінің сайланбалы органдары

арқылы:

- Кәсіподақ ұйымдарының қызметін біріктіруге, бағыттауға және үйлестіруге;

- мемлекеттік билік органдарында және жұмыс берушінің алдында, соттарда өзінің мүшелерінің, мүшелік ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, прокурорлық қадағалау өрісіне жататын нормативтік құқықтық актілер бойынша қарсылық білдіру туралы өтініш жасауға;

- мемлекеттік органдардың өкілдерімен және жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізуге, келісімдер, ұжымдық шарттар жасасу кезінде әлеуметтік әріптестіктің тарапы болып әрекет ету және олардың орындалуына бақылауды іске асыруға;

- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты заңнамалық және нормативтік актілерді жетілдіру мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға өтініш жасауға, олардың құқықтарын нашарлататын нормативтік актілерді жоюға қол жеткізуге;

- әлеуметтік-еңбек қатынастарына қатысты мәселелер бойынша, соның ішінде еңбек ақы төлеуді ұйымдастыру және нормалау, бюджеттік және салықтық саясат, жұмыспен қамту, еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша қолданыстағы заң жобаларына өзгерістер/толықтырулар немесе заңдар жобаларына ұсыныстар енгізуге, өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға немесе оларды қарау туралы тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

- ҚР еңбек заңнамасын, «Кәсіби одақтар туралы» ҚР заңын бұзатын, келісімдер мен ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамайтын тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныс енгізуге;

- еңбек туралы, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі заңнамалардың сақталуына қоғамдық бақылау жүргізуге, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысуға;

- ұжымдық еңбек дауларын реттеуге қатысуға;

- кәсіподақ кадрларын және активін келісу комиссиясы, медиация мәселелері бойынша оқытуды, біліктілігін көтеруді ұйымдастыруға;

- еңбек жағдайлары бойынша өндірістік нысандарды аттестациялауға қатысуға;

- өмір сүру деңгейіне, отбасылық бюджетіне, инфляцияға, жұмыссыздыққа, еңбек қорғау мәселелеріне қатысты зерттеулер жүргізуді іске асыруға және осы мәселелер бойынша мемлекеттің экономикалық саясатының әлеуметтік бағыттылығына қол жеткізуге;

- кәсіби дайындау және қайта дайындау, медициналық және зейнеткерлік қамтамасыз ету, санаториялық-курорттық емделу мен демалу мәселелері бойынша Кәсіподақ мүшелеріне жәрдем көрсетуге;

- өзінің мүшелеріне және құрылымдық бөлімшелеріне ұйымдастырушылық, консультациялық, құқықтық, материалдық және қайырымдылық көмек көрсетуге;

- қолданылып жүрген заңнамада қарастырылған тәртіппен өз өкілдерін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ұсынуға;

- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Заңнамада белгіленген тәртіпшен жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, көше шерулері, ереуілдер мен басқа көпшілік акцияларын ұйымдастыруға және өткізуге;

- шаруашылық әрекетін жүргізуге, кәсіпорындар құруға, ақша қорларын ұйымдастыруға, акцияларды, басқа құнды қағаздарды сатып алуға және осы Жарғымен қаралған міндеттерді орындау үшін кәсіпкерлік қызметті дамытуға;

- ақпараттық-кеңестік, насихаттық және баспалық қызметті жүзеге асыруға.

2.4. Кәсіподақ өз қызметін жүзеге асыру үшін:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғы ережелерін, кәсіподақ органдарының шешімдерін және жергілікті актілерді сақтауға;

- өкілеттіктер шегінде әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға;

- кәсіподақ мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;

- кәсіподақтар мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері бойынша сауаттылығын арттыру, еңбек дауларында келіссөздер жүргізе алуды дамыту және пәтуаға қол жеткізу жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге;

- қызметкерлердің ішкі еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына жәрдемдесуге;

- жарғыда айқындалған шарттар және тәртіп бойынша кәсіподақ мүшелеріне ақшаның түсуі және жұмсалуды туралы ақпарат беруге міндетті.

3. КӘСІПОДАҚҚА МҮШЕЛІК

3.1. Кәсіподаққа мүшелік-кәсіподақ мүшелерінің жеке тұлға, ал мүшелік ұйымдардың- заңды тұлға болуын қамтиды.

Кәсіподақ мүшесі басқа кәсіподақтарға мүше бола алмайды.

3.1.1. Жеке тұлға:

- Жеке тұлға - Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар, соның ішінде:

- Кәсіподақ Жарғысын мақұлдайтын және мүшелік кәсіподақ жарналарын төлейтін жұмыс істеуші немесе уақытша жұмыс істемеуші, зейнеткер, студент, оқушы.

3.1.2. Заңды тұлға-жергілікті кәсіподақ.

3.2. Кәсіподаққа мүшелік ерікті түрде. Кәсіподақ мүшелігіне қабылдау және одан шығу тиісті кәсіподақ органына кірушінің берген жазбаша түрде жеке арызы бойынша жекеше түрде жүргізіледі. Кәсіподаққа қабылдау және одан шығу туралы шешім:

- Кәсіподақ мүшелерінің саны 30 адамнан кем жағдайда-бастауыш ұйымының жиналысында;

- саны 30 адамнан көп болған жағдайда - кәсіподақ комитетінің

отырысында, бастауыш ұйымының жиналысын (конференциясын) кейіннен хабардар ете отырып қабылданады.

Кәсіподақ мүшесіне қабылданған адамға белгіленген үлгідегі кәсіподақ билеті беріледі.

Кәсіподақ мүшелерін есепке алу негізгі жұмыс орнында есеп карточкалары немесе электронды тасымалдаушы арқылы бастауыш ұйымда жүргізіледі.

3.3. Кәсіпорында, мекемеде, ұйымда кәсіподақтың бастауыш ұйымы болмаса, Кәсіподаққа қабылдау не одан шығу туралы шешімді Кәсіподақтың тиісті филиалы, Кәсіподақ қабылдауы мүмкін.

3.4. Кәсіподақтық өтілі Кәсіподақ мүшесіне қабылдау туралы шешім қабылданған күннен бастап есептеледі және Кәсіподақ беретін жеңілдіктерді пайдаланған кезде ескеріледі.

3.5. Белгіленген мөлшерде мүшелік кәсіподақ жарнасын төлеп отырған кәсіподақ мүшесінде кәсіподақ өтілі мен мүшелігі:

- кәсіпорын, ұйым, мекеме таратылуына, штаттың қысқаруына байланысты жұмыстан уақытша айрылғанда, басқа жұмысқа қабылданғанға дейін;

- жасы бойынша зейнетке шығуына, мүгедектікке байланысты жұмыс істеуді тоқтатқанда;

- Кәсіподақ мүшелігіне кіргендерде, егер ол бұрын басқа кәсіподаққа мүше болған болса, кәсіподақтар арасында өзара кәсіподақтық мүшелікті мақұлдайтын уағдаластық болған жағдайда сақталады.

3.6. Кәсіподақ мүшесінің:

- Кәсіподақ пен оның органдары жағынан өзінің еңбек, кәсіби, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерінің өкімет органдарында, жұмыс берушінің алдында, сот және басқа органдарда қорғалуына;

- кәсіподақ органдарынан кеңес сұрауға, сонымен қатар, арызбен, ұсыныстармен жүгінуге және жүгіністің байыбы бойынша жауап алуға;

- еңбек және басқа дауларды шешу кезінде кәсіподақ органдары көрсететін тегін құқықтық көмекті пайдалануға;

- Кәсіподақ қаржысынан материалдық және қайырымдылық көмек алуға;

- Кәсіподақ органдарын сайлауға және сайлануға;

- Кәсіподақ қызметіне қатысуға, ұсыныстар енгізуге және кез-келген деңгейдегі Кәсіподақ қызметіне байланысты мәселелерді еркін талқылауға, сайланбалы органдардың қызметіне баға беруге, олардың қызметі жөнінде ақпараттар алуға;

- Кәсіподақ жасасқан шарттарда және келісімдерде және келісімдерде қаралған қосымша жеңілдіктер мен өтемақыларға құқығы бар.

3.7. Кәсіподақ мүшесі:

- Жарғыны бұзбауға, бастауыш ұйымның және барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының қабылдаған шешімдерін орындауға;

- белгіленген тәртіп пен мөлшерде ай сайын мүшелік жарналарды төлеуге;

- еңбек және ұжымдық шарттарда (келісімдерде) қаралған міндеттерді орындауға;

- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделері қорғалғанда оларға тілектестік білдіруге, Кәсіподақтың ұжымдық іс-әрекеттерін қолдауға.

- Кәсіподақтық қозғалысқа зиян келтіретін әрекеттерге кедергі жасауға міндетті;

3.8. Кәсіподаққа мүшелік одан шыққанда не шағарылғанда тоқтатылады.

Кәсіподақтан шығу жөніндегі мәселені Кәсіподақ мүшесінің жеке арызы негізінде Кәсіподаққа қабылдауға құқы бар органдар қарайды.

Кәсіподақтан шығару жөніндегі мәселе Кәсіподақ мүшесінің жарғылық міндеттерін орындамаған кезде, сонымен қатар Кәсіподақ тұтастығын бұзатын және оған зиян келтіретін іс –әрекет жасаған кезде қаралады.

Кәсіподақ мүшесі үш ай мерзім ішінде жоғарғы ұйымдардың қабылданған шешіміне шағымдана алады. Кәсіподақтан шығарылып тасталған Кәсіподақ мүшелігіне жалпы негізде қабылдануы мүмкін.

3.9. Кәсіподақ мүшесі жарғылық міндеттерді орындамауына байланысты Кәсіподақ беретін жеңілдіктерден алты ай мерзімінде пайдалану құқығынан айырылады.

3.10. Кәсіподақ беретін жеңілдіктерді пайдалану құқығынан айыру туралы шешім және кәсіподақтан шығару туралы шешім Кәсіподаққа қабылдауға құқығы бар органдар, сонымен қатар жоғарыда тұрған сайланбалы кәсіподақ органдары, кейін бастауыш ұйымын хабардар ете отырып қабылданады. Аталған шешім кәсіподақ мүшесінің қатысуымен қабылданады. Егер ол дәлелді себепсіз қатыспаған жағдайда мәселе оның қатысуынсыз шешіледі.

Шешім, егер оған жиналысқа қатысушылар немесе сайланбалы органның отырысына қатысушы мүшелерінің үштен екісі дауыс берген жағдайда, кворум бар болғанда қабылданған болып саналады.

3.11. Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақ беретін жеңілдіктерді пайдалану құқығынан айырылғаннан, немесе Кәсіподақтан шығарылғаннан кейін екі айлық мерзімде қабылданған шешімді бұздыру үшін жоғарыда тұрған органдарға шағымдануға құқы бар.

3.12. Кәсіподақтан шығарылған адам, Кәсіподаққа мүше болып жалпыға бірдей негізбен шығарылғанына кемінде 6 ай өткен соң қабылдана алады.

3.13. Жұмыстан шығуына не басқа жұмыс орнына ауысуына байланысты бастауыш ұйыммен байланысын жоғалтқан Кәсіподақ мүшесі сайланбалы органның шешімі бойынша есептен шығарылады. Шешім егер оған жиналысқа қатысушылардың немесе сайланбалы органның отырысына қатысушы мүшелерінің үштен екісі дауыс берсе, кворум бар болғанда, қабылданған болып саналады.

3.14. Жұмысын жасы, мүгедектігі бойынша зейнетке шығуымен байланысты тоқтатқан, штаттың қысқаруымен, кәсіпорынның таратылуымен байланысты жұмысынан айырылған Кәсіподақ мүшелерінен басқа, дәлелді себептерсіз қатарынан үш ай бойы мүшелік жарналарын төлемеген Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақ тарапынан қорғалу құқығын жоғалтады.

Одан әрі оны Кәсіподақтан шығару туралы мәселе шешілуі мүмкін.

3.15. Кәсіподақтан шыққан немесе шығарылған адам Кәсіподақтың қорғау, кәсіподақ меншігін пайдалану құқынан айырылады. Кәсіподақ жарналарының төленген сомалары оған қайтарылмайды.

3.16. 3.16. Кәсіподақ қызметіне белсенді қатысқан Кәсіподақ мүшелеріне:

- алғыс берумен;
 - Кәсіподақ белгісімен, грамоталарымен;
 - Кәсіподақ филиалының грамоталарымен;
 - ақшалай сыйақылармен, бағалы сыйақылармен, кәдесыйақылармен;
 - демалыс үйлеріне, санаторий-курорттық емделуге жолдамалармен,
- туристік жолдамалармен көтермелеу шараларымен құрмет көрсетілуі мүмкін.

4. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Кәсіподақ өндірістік-салалық белгі бойынша құрылады және өзінің қызметін келесі қағидаттар:

- салалық кәсіподақ қозғалысының бірлігі;
- кәсіподаққа өз еркімен кіру және одан өз еркімен шығу;
- кәсіподақ органдарының төменнен жоғарыға дейін сайланбалы болуы, олардың Кәсіподақ мүшелерінің және жоғары кәсіподақ органдарының алдында есеп беруі;
- Кәсіподақтың сайланбалы органдары жұмысының алқалы болуы, қабылданған шешімдер мен тапсырмалардың орындалуына жеке жауапкершілігі;
- әлеуметтік әріптестік органдары мен Кәсіподақтың жоғарғы органдары шешімдерінің төменгі органдар мен Кәсіподақ мүшелері және мүшелік ұйымдары үшін орындалуының міндеттілігі;
- кәсіподақ органдары мен ұйымдарының Кәсіподақ Жарғысын және Кәсіподақтың басқа жергілікті актілерін бұзып қабылдаған шешімдерін Кәсіподақтың жоғары органдарының күшін жоюы және тоқтатуы;
- бірыңғай қаржылық саясат;
- кәсіподақ кадрларын және активін оқыту, біліктілігін көтеру және кадр резервін сапалы дайындауға негізделген бірыңғай кадрлық саясат негізінде құрады.

4.2. Кәсіподақ өз практикалық іс-қызметінде аумақтық (облыс, республикалық дәрежедегі қала, астана деңгейіндегі) кәсіподақтар бірлестіктері және жергілікті кәсіподақтармен достық байланыс пен іскерлік ынтымақтастық және серіктестік негізінде қарым-қатынас жасайды:

- Кәсіподақ құрамына кіретін кәсіподақ бастауыш ұйымдарына, жергілікті кәсіподақтарға ұжымдық келіссөздер жүргізуге және ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, еңбек даулары мен шиеленістерді шешуге жәрдем көрсетеді;
- бірлесе және келісіп аймақтық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды, жергілікті атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен, кәсіподақ қызметкерлері мен кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік және өзара қолдау үшін әлеуметтік әріптестік орнатады;
- Кәсіподақ ықпалын нығайтуға және сала мен аймақты әлеуметтік-экономикалық бағдарламасын іске асыруға, кәсіподақтың орталық органдарының шешімдерін орындауға бағытталған шараларды іске асырады;

- кәсіби одақтар мен кәсіподақтар мүшелерінің, соның ішінде халықаралық кәсіподақ қозғалысының құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірлескен акциялар өткізеді.

4.3. Осы бірыңғай Жарғының шегінде Кәсіподақ құрылымына мыналар:

- бастауыш ұйымдар;
- филиалдар;
- жергілікті кәсіподақтар кіреді.

4.4. Сайланбалы органдардың жиналыстары (конференциялары), отырыстары, егер олардың жұмысына жиналысқа қатысушылардың, сайланбалы органдар мүшелерінің жартысынан артығы, конференциялар мен съездер – сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, құқылы деп саналады.

4.5. Съездерде, жиналыстарда, конференцияларда, Кәсіподақтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің сайланбалы органдарының отырыстарында шешімдер, егер Жарғының басқа тармақтарымен өзге көзделмесе, кворум болған жағдайда, делегаттардың, жиналыстарға қатысушылардың, сайланбалы органдар мүшелерінің көпшілік дауыстарымен қабылданады.

4.6. Кез келген шешімді қабылдау кезінде дауыс беру нысаны (ашық, жабық) съезд, жиналыс, конференция делегаттарымен, сайланбалы органдар отырыстарының қатысушыларымен анықталады.

4.7. Айрықша жағдайларда (төтенше жағдай, карантиндік шаралар және т.б.) съездер, жиналыстар, конференциялар, Кәсіподақтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің сайланбалы органдарының отырыстары бейне-конференц-байланыс, коммуникациялардың басқа құралдарының көмегімен немесе жазбаша нысанда сауалнама жүргізу жолымен өткізілуі мүмкін.

4.8. Барлық деңгейдегі, сайланбалы органдардың төрағаларын сайлау жиналыс, конференция, съезд тиісті кәсіподақ органдарының есептік баяндамасын және ревизиялық комиссияның баяндамасын тыңдағаннан және талқылағаннан соң және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін жүргізіледі.

Кәсіподақ төрағасының, Кәсіподақ филиалы төрағасының лауазымына сайлау үшін кандидатуралар теміржол саласында жұмыс істейтін, Кәсіподақтың сайланбалы органдарында үш жылдан кем емес кәсіподақ жұмысының өтілі бар Кәсіподақ мүшелерінің арасынан ұсынылады.

Бастауыш ұйымның төрағасы болып осы кәсіпорында бір жылдан кем емес жұмыс істейтін Кәсіподақ мүшесі ғана сайлана алады.

4.9. Кәсіподақтың барлық сайланбалы органдарының өкілеттік мерзімі – 5 жыл.

4.9.1. Бастауыш ұйымдардың, Кәсіподақ филиалдарының, Жергілікті кәсіподақтардың және Кәсіподақтың сайланбалы органдарының қызметі Кәсіподақ съезімен бекітілген осы Жарғымен және олар туралы Ережелермен, сондай-ақ Кәсіподақтың өзге нормативтік, жергілікті актілерімен реттеледі.

Жергілікті кәсіподақтардың қызметі сондай-ақ Жергілікті кәсіподақтың жарғысымен реттеледі.

4.10. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы.

4.10.1. Бастауыш ұйым Кәсіподақтың, оның филиалдарының және Жергілікті кәсіподақтардың ішкі құрылымына енеді.

4.10.2. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы кем дегенде үш мүшесі немесе

Кәсіподаққа кіру туралы өтініш берген, ұйымдастыру-құқықтық нысаны және меншік нысанына қарамастан бір кәсіпорында, мекемеде жұмыс істейтін немесе бір оқу орынында оқитын азаматтар бар болғанда құрылтай жиналысында құрылады. Құрылтай жиналысының өткізілу күні және орыны туралы шешімді Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің Атқару Комитеті (әрі қарай – Кәсіподақтың ОК Атқару комитеті) қабылдайды.

4.10.3. Бастауыш ұйымның ең жоғары органы болып жиналыс (конференция) саналады, ол қажеттігіне қарай, бірақ кемінде жылына екі рет өткізіледі. Жиналыстың (конференцияның) күні, күн тәртібі және өтетін жері туралы Кәсіподақ мүшелеріне белгіленген мерзімнен кемінде екі апта бұрын хабарланады. Кезектен тыс жиналыс (конференция) кәсіподақ комитетінің (кәсіби ұйымдастырушының) бастамасымен, ұйым мүшелерінің үштен бірінің бастамасымен немесе жоғары кәсіподақ органының ұсынысы бойынша шақырылады. Кезектен тыс жиналыстың (конференцияның) күні, күн тәртібі және өтетін жері туралы кәсіподақ мүшелеріне кемінде бір апта қалғанға дейін хабарланады.

Жиналыс, егер оның жұмысына бастауыш ұйымның жартысынан астам мүшесі қатысқан жағдайда құқылы болып саналады;

Жұмысына сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда конференция құқылы болып саналады.

4.10.4. Жиналыс (конференция) бастауыш ұйымының қызметіне қатысты кез келген мәселені шешуге құқылы. Жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыреттілігіне келесілер:

- бастауыш ұйым қызметінің басымдылық бағыттарын анықтау;
- кәсіподақ комитетінің, тексеру комиссиясының жұмыстары туралы есептерді тыңдау және талқылау;
- кәсіподақтың бастауыш ұйымының (кәсіподақ ұйымдастырушысын), кәсіподақ комитетінің және тексеру комиссиясының төрағасын сайлау;
- Кәсіподақтың атынан жұмыс берушімен ұжымдық келіссөздер жүргізу туралы шешім қабылдау және ұжымдық шарттың негізгі ережелерін анықтау;
- жұмыс берушіні немесе оны өкілетті тұлғалардың және кәсіподақ комитетін ұжымдық шарттың орындалуы бойынша тыңдау;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғайтын шаралар өткізу туралы шешім қабылдау;
- Кәсіподақтың бастауыш ұйымының кәсіподақ бюджетін бекіту және оның орындалуына бақылау жасау;
- қорлар, сақтандыру қассаларын және т.б. құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау;
- Кәсіподақтың құрамына оның құрылымдық бөлімшесі ретінде кіру туралы немесе Кәсіподақтан шығу туралы шешім қабылдау жатады.

4.10.5. Ағымдағы жұмысты жүргізу үшін бастауыш ұйымда:

- 30-дан кем Кәсіподақ мүшесін біріктіретін ұйымда - кәсіби ұйымдастырушы;
- 30 не одан көп Кәсіподақ мүшесін біріктіретін ұйымда - төраға басқаратын кәсіподақ комитеті сайланады

4.10.6. Кәсіподақ комитетінің мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кәсіподақ комитеті тек тікелей жиналысының (конференцияның) қарауындағы мәселелерден басқа бастауыш ұйым қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы және өз қызметінде жиналысқа (конференцияға) әрі кәсіподақтың жоғары органдарына есеп береді.

4.10.7. Кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінде кәсіподақ топтары, цехтік кәсіби ұйымдар құрылуы мүмкін, оларға өз бөлімшесінің шеңберіндегі ағымдық мәселелерді шешу үшін бастауыш ұйымының құқы берілуі мүмкін

4.10.8. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы: Кәсіподақтың, Жергілікті кәсіподақтың есептік құжаттарының негізінде белгіленген үлгідегі мөрге, бланктер мен мөртабандарға ие болуға құқылы.

4.10.9. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының территориялық бытыраңқы жағдайына байланысты тиісті филиалдың шешімімен кәсіподақтар Төрағалары кеңесі немесе тораптық кәсіподақ комитеттері құрылуы мүмкін.

4.10.10. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы бастауыш ұйымның өкілетті өкілі болып табылады және:

- кәсіподақ комитетінің және кәсіподақ жиналысының (конференциясының) құзырында болмаған оперативті сұрақтарды өз бетімен шешуге;

- ағымдағы мәселелерді пысықтау және кәсіподақ комитеті мен жалпы жиналыстың (конференциясының) шешімдерін дайындау үшін уақытша комиссиялар, жұмыс топтарын құруға, кәсіподақ комитетінің қызметіне сарапшыларды, мамандарды, кәсіподақ белсенділерін тартуға;

- кәсіподақ комитетінің мәселелерін шақыру мен жүргізуге, мәжілістердің қабылданған шешімдері мен хаттамаларына қол қоюға;

- кәсіподақ комитетінің штаттық қызметкерлерінің жұмысына басшылық етуге;

- Кәсіподақтың, Жергілікті кәсіподақтың сенімхаты бойынша ұжымдық шартқа қол қоюға;

- бекітілген сметаға сәйкес ақшалай операцияларды жүргізуге, кәсіподақ комитетімен келісу арқылы басқа шарттар жасасуға;

- сайланбалы активтің оқуын ұйымдастыруға;

- Кәсіподақ мүшелерінің келісімі бойынша, олардың жеке арыздары болғанда, әкімшілікпен келісім негізінде олардың мүшелік жарнамаларын қолма-қол жасалмайтын төлемдер және оны Кәсіподақ есеп-шотына Кәсіподақ Жарғысымен белгіленген мөлшерде аудару туралы мәселені шешуге құқылы.

- мүшелік кәсіподақ жарналарын Кәсіподаққа уақытылы, толық мөлшерде аудару үшін дербес жауапкершілікті болады.

4.11. Кәсіподақтың Филиалы:

4.11.1. Кәсіподақтың Филиалы Кәсіподақ Орталық Кеңесінің шешімімен құрылады және өзі туралы Ережеге сәйкес әрекет етеді.

4.11.2. Кәсіподақтың филиалының банктерде есеп шоттар ашуға, белгіленген үлгідегі мөрі, бланктері, мөртабандары болуына құқылы.

4.11.3. Филиалдың жоғарғы органы болып, бес жылда бір реттен кем емес

жиілікте шақырылатын конференция табылады. Конференцияның шақырылуы, өткізілу күні, жобаланған күн тәртібі туралы оның өткізілуінен кем дегенде екі апта бұрын хабарланады. Кезектен тыс конференция филиалдың сайланбалы органының бастамасымен, филиалға кіретін бастауыш ұйымдардың үштен бірінен кемі емесінің талап етуі немесе Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің ұсынысы бойынша шақырылады. Өткізілу күні, орны және күн тәртібі оның өткізілуінен кем дегенде бір апта бұрын хабарланады.

4.11.4. Кәсіподақ филиалының конференциясы:

- өзінің сайланбалы органының және ревизиялық комиссияның қызметі туралы есептерді тыңдайды;
- филиал қызметінің негізгі бағыттарын белгілейді;
- филиал Кеңесінің мүшелерін сайлайды не олардың өкілеттілігін растайды;
- филиал төрағасын және ревизиялық комиссия мүшелерін сайлайды;
- филиалдың тіршілік етуіне байланысты кез-келген басқа мәселелерді шешеді.

4.11.5. Конференциялар аралығында филиалдың басқару органы болып филиал төрағасы басқаратын Кеңес саналады. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

4.11.6. Кеңес өзінің жұмысын Кәсіподақтың алдында тұрған мақсаттар мен тапсырмаларды есепке ала отырып, ұйымдастырады, сондай-ақ:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдардың қызметін үйлестіреді, оларға практикалық көмек көрсетеді, олардың мүдделерін және кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін тиісті мемлекеттік және сот органдарында, жұмыс берушілердің алдында білдіреді;

- жұмыс берушілермен немесе оның өкілетті тұлғаларымен келісімдердің негізгі ережелерін анықтайды;

- қажет болған жағдайда бастауыш ұйымдар Кеңес құрамына өкілеттігін табыстаған Кеңес мүшелерінің өкілеттігін растайды;

- филиалдың төрағасы өкілеттігін мерзімінен тыс тоқтатқан жағдайда сайлау өткізеді;

- филиал төрағасының орынбасар (лар) ын және атқару комитетін сайлайды;

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің Атқару комитетіне аппараттың бюджетінің және штаттық кестесінің жобасын бекітуге шығарады;

- филиалдың жарғылық әрекетіне байланысты басқа да мәселелерді шешеді;

- өз қызметінде Кәсіподақ филиалының конференциясына және Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне есепті.

- өз қызметінде Кәсіподақ филиалының конференциясына және Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне есеп береді.

4.11.7. Ағымдағы жұмысты ұйымдастыру үшін Атқарушы комитет сайланады, оның мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ әр тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі.

4.11.8. Атқару комитеті:

- Кәсіподақтың басқарушы органдары, конференциялары мен Филиалдың Кеңесі жиналыстарының шешімдерін, өз шешімдерін іске асыру бойынша нақты іс-әрекеттерді іске асырады және олардың орындалуын бақылайды;

- мемлекеттік органдар және жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу үшін өзінің өкілдеріне өкілеттік құқық береді;
 - бастауыш ұйымдардың қызметін, олардың Жарғыны ұстануын, жоғарыда тұрған органдардың шешімдерін орындауын үйлестіреді;
 - бастауыш ұйымдардың кәсіподақ қаражатын мақсатты пайдалануына бақылау жасауды жүзеге асырады;
 - Кәсіподақ ОК Атқару комитетінің алдына Кәсіподақтың Жарғысына және алқалық органдарының шешімдеріне қайшы келетін шешімдердің күшін жою туралы ұсыныстар береді, осындай шешімдердің мәні бойынша Кәсіподақ мүшелерін хабардар етеді;
 - Кәсіподақтың Орталық Кеңесі алдында бастауыш ұйым төрағасының Кәсіподақ Жарғысын және кәсіподақ органдарының шешімдерін орындамағаны үшін жеке жауаптылық мәселесін қарау туралы өтініш білдіреді, оны мерзімінен бұрын босату немесе бүкіл кәсіподақ комитетінің құрамын мерзімінен бұрын қайта сайлау туралы ұсыныс енгізеді;
 - кәсіподақ кадрлары мен активтерінің оқуын ұйымдастырады және жүргізеді, жұмыс тәжірибесін зерттейді және таратады;
 - Кәсіподақтың филиалға пайдалануға берген мүлігі мен ақша қаражаттарына иелік етеді;
 - конференция билігіне тікелей қатысты мәселелерден басқа филиалдың қызметі бойынша барлық өзге мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды;
 - жұмыс берушілермен немесе оны өкілетті тұлғаларымен келісімдердің негізгі ережелерін анықтайды;
 - өзінің қызметінде конференцияға, филиалдың Кеңесіне және Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мен оның Атқару комитетіне есепті.
- 4.11.9. Кәсіподақ филиалының төрағасы:
- Кәсіподақтың сенімхаты негізінде әрекет етеді, материалды-жауапты тұлға болып табылады;
 - филиалдың қызметіне басшылық жасайды, Кеңестің және филиалдың Атқару комитетінің құзыретіне жатпайтын шұғыл мәселелерді өз бетімен шешеді;
 - қолданыстағы заңнамаға сәйкес филиал аппаратының штаттық жұмыскерлерінің жұмысына басшылық жасайды, олармен еңбек шарттарын жасайды және бұзады;
 - филиал Кеңесінің отырысында кейіннен бекітілетін, жұмыс берушілер, олардың бірлестіктері, мемлекеттік басқару органдары, кәсіподақтың бірлестіктері және басқа ұйымдармен сенімхат бойынша келісімдерге қол қояды;
 - филиалдың Кеңесі, Атқару комитеті және Кәсіподақтың жоғарыда тұрған органдарымен анықталған өкілеттіктердің шегінде қаржылық қызметті, ақшалық операцияларды жүзеге асырады;
 - Жарғылық міндеттерді орындауға жеке жауапты;
 - бастауыш ұйымдар төрағаларымен Кәсіподақтың атынан еңбек шарттарын жасасады және бұзады;
 - филиалдың Кеңесі мен Атқару комитеті, сондай-ақ, Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мен Атқару комитетімен өкілеттелген басқа қызметтерді атқарады.

4.11.10. Филиал төрағасының өкілеттік мерзімі-бес жыл.

Филиал Төрағасымен еңбек шартын Кәсіподақтың Төрағасы жасайды.

4.11.11. Жиналыстар, сайланбалы органдардың мәжілістері олардың жұмысына жиналысқа қатысқандардың, сайланбалы органдар мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан кезде, ал конференциялар және съездер - сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болып саналады;

4.11.12. Кворум болған жағдайда съездерде, конференцияларда, жиналыстарда, Кәсіподақтың сайланбалы органдарында және оның құрылымдық бөлімшелерінде шешімдер делегаттардың жиналысқа қатысқандардың, сайланбалы органдар мүшелерінің дауыс көпшілігімен қабылданады, егер Жарғының басқа тармақтарымен басқадай қарастырылмаса.

4.11.13. Кез-келген шешімдерді қабылдаған кездегі дауыс беру тәртібін (ашық, жабық) съездердің, конференциялардың делегаттары, жиналыстың, сайланбалы органдар мәжілістерінің қатысушылары белгілейді.

4.12. Жергілікті кәсіподақтар

4.12.1. Жергілікті кәсіподақтар заңды тұлға ретіндегі өзінің дербестігі мен құқықтарын сақтайды, Қазақстан Республикасының Заңнамасына және өз жарғыларына сәйкес іс-қимыл жасайды.

- кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқығы мен мүдделерін қолданыстағы заңнамалардың, салалық келісімдер мен ұжымдық келісім-шарттардың негізінде қорғайды, кәсіподақтардың кадрларын нығайту, ұйымдастыру-қаржылық жұмысын мақсатты орындайды;

-құрылымдық бөлімшелерінің іс-қимылын үйлестіру жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Жергілікті кәсіподақтар Жарғысы Кәсіподақ Жарғысы белгілеген мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі қажет.

4.12.2. Жергілікті кәсіподақтардың құрылымдық бөлімшелері, Кәсіподақтың өкілдіктерімен өзара әрекет жасауға міндетті.

4.12.3. Жергілікті кәсіподақтың Кәсіподақ құрамына кіруі жазбаша өтініш негізінде жасалады.

Кәсіподақ құрамына енгісі келетін Жергілікті кәсіподақ жазбаша өтініштерін:

- сайлау ұйымының шешімі, құрылтайлық құжаттар (кәсіподақ жарғысы, тіркеу жөнінде куәліктің көшірмесі және т.б.);

- Жергілікті кәсіподақтың саны туралы статистикалық деректерді;

- өзінің сайланбалы органдары тұратын жерді;

-Кәсіподақ Жарғысын қабылдау жөніндегі міндеттерін орындайтындығы жөніндегі қосымшалармен қоса ұсынады.

Жергілікті кәсіподақ Кәсіподақ құрамына енген кезден бастап Жарғыға сәйкес мүшелік жарналарды төлейді.

4.12.4. Кәсіподаққа мүшелік мына жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- өкілетті ұйымның шешімі бойынша Жергілікті кәсіподақтың Кәсіподақтан шығатындығы жөнінде;

- Жергілікті кәсіподақтың тараған, қайта құрылған жағдайда;

- Жергілікті кәсіподақтың Кәсіподақ құрамынан шығаруға байланысты.

Жергілікті кәсіподақ Орталық Кеңестің сәйкесінше қаулы қабылдағаннан кейін Кәсіподақтан шығарылды деп саналады.

Осындай шешім қабылданғанға дейін Жергілікті кәсіподақ осы Жарғыға сәйкес өзінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруды жалғастыра береді.

Өз қызметін тоқтату (тарату) туралы шешім қабылдаған Жергілікті кәсіподақ бұл жайында Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне хабарлаған сәттен бастап өзінің мүшелігін тоқтатқан болып есептеледі.

Кәсіподақтың Жарғылық талаптарын сақтамайтын, оның жоғары және басшы ұйымдарының шешімдерін орындаудан жүйелі түрде жалтаратын, Кәсіподақтың және оған кіретін мүше ұйымдардың мүдделері мен мақсаттарына нұқсан келтіретін, сондай-ақ белгіленген мөлшердегі мүшелік жарнаны дәлелсіз себеппен аудармайтын Жергілікті кәсіподақтардың Кәсіподақ қызметіне қатысуы туралы мәселені Орталық Кеңес шешеді.

Жергілікті кәсіподақтар басшысы және жергілікті кәсіподақтан жіберілген Орталық Кеңестің басқа мүшелері Кәсіподақтың Жарғысын бұзғаны және алты ай бойына белгіленген тәртіпте мүшелік жарнаны төлемегені үшін алты айға Орталық Кеңесте дауыс беру құқығынан айырылуы немесе Орталық Кеңестің құрамынан шығарылуы мүмкін. Егер Жергілікті кәсіподақ белгіленген мерзім ішінде көрсетілген кемшіліктерді жоймаған және қарыздарды өтемеген жағдайларда, оның Кәсіподақ қызметіне қатысуы туралы мәселені Орталық Кеңес шешеді.

Жергілікті кәсіподақ Жарғыны бұзылушылықтарын жойған жағдайда Кәсіподақтың Атқару Комитеті олардың Орталық Кеңесте немесе Кәсіподақ құрамында қалу құқықтарын қалпына келтіру мәселесін Орталық Кеңеспен бекітілуін қарайды.

Жергілікті кәсіподақты Кәсіподақтан, оның құрамынан шығару туралы шешімді көрсетілген негіздерде Орталық Кеңес қабылдайды және кворум болған жағдайда, отырысқа қатысып отырған Орталық Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берсе, шешім қабылданған болып саналады.

Жергілікті кәсіподақ мүшелігін тоқтатқан мүше ұйымдардың Кәсіподақ меншігіне, сондай-ақ төлеген мүшелік жарналарына және өздері Кәсіподаққа берген мүлікке құқықтары болмайды.

4.12.5. Жергілікті кәсіподақтар:

- Кәсіподақ ұйымдарында өз ұйымдары және кәсіподақ мүшелері атынан өкілдік етуге, өз өкілдерін осы ұйымдарға жіберуге және сайлауға, оларды кері шақырып алуға және ауыстыруға;

- қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарына қатысты заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына Кәсіподақ ұсыныстарын әзірлеуге қатысуға;

- салалық келісім жасау және бекіту жөніндегі Кәсіподақтың қызметіне ұсыныстар енгізуге және қатысуға;

- кәсіподақ қызметінің жарғылық мәселелері бойынша Кәсіподақ ұйымдарына жүгінуге және тиісті ақпараттар, консультациялар мен көмек алуға, мемлекеттік ұйымдарда өз құқықтары мен мүдделерін құқықтық қорғауға;

- шетелдік және халықаралық кәсіподақ бірлестіктерімен, Халықаралық Еңбек Ұйымымен, теміржолшылар мен көлік құрылысшылары

- кәсіподақтарының халықаралық конфедерациясымен байланыстарды жүзеге асыруда Кәсіподақ ұйымдарының жәрдемін алуға;
- түрлі бағдарламалар әзірлеуге және Кәсіподақ қорларын құруға қатысуға;
 - Кәсіподақ съездерінің, конференциялары мен сайланбалы ұйымдарының қарауына жобалық құжаттарды енгізуге;
 - кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту, ақпаратты алу және тарату үшін Кәсіподақтың мүмкіндіктерін пайдалануға;
 - Кәсіподақ нышандарын бекітілген Ережеге сай қолдануға құқығы бар.
- 4.12.6. Жергілікті кәсіподақтар:
- Кәсіподақтың Жарғысын, ішкі кәсіподақ тәртібін сақтауға, Кәсіподақ ұйымдарының шешімдерін орындауға және олардың орындалуына жауапты болуға;
 - Кәсіподақтың қызметіне қолдау көрсетуге және оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға белсене қатысуға, Кәсіподаққа мүше ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда ынтымақтастық танытуға;
 - Кәсіподаққа мүшелік жарналарды белгіленген тәртіпте, мерзімінде және мөлшерде төлеуге;
 - кәсіподақ мүшелігін өзара мойындауға;
- Кәсіподақтың, басқа мүше ұйымдарының қызметіне зиян келтіретін және кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақтар, салалық кәсіптік одақтардан, сондай-ақ өлкелік кәсіподақтар бірлестіктерінен жекешелейтін кез келген шараға бармауға;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының, жергілікті кәсіподақтардың бір кәсіподақтан басқа кәсіподаққа алдын-ала өзара келіспей өтуіне жол бермеуге;
 - өз жарғыларындағы, ережелеріндегі енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және басшы кадрлар құрамындағы өзгерістер туралы өзгерістер енгізілгеннен кейінгі жеті жұмыс күні ішінде Кәсіподаққа хабарлауға;
 - кәсіподақ мүшелерінің саны, Кәсіподаққа мүшелік және өзге жарналарды есептеу мен төлеуге байланысты қаржылық есеп туралы статистикалық мәліметтерді, басқа да ақпаратты Кәсіподақ ұйымдары белгілеген көлем мен тәртіпте Кәсіподаққа ұсынуға;
 - Қазақстан Республикасының Парламенті мен жергілікті өкілді ұйымдар депутаттарын сайлауға қатысу, саяси партиялармен және қозғалыстармен шарттар мен келісімдер жасасу, халықаралық кәсіподақ бірлестіктеріне кіру және одан шығу туралы Кәсіподаққа хабарлауға;
 - кәсіподақ кадрларын іріктеу, орналастыру мен оқыту, олардың кадр резервін жасақтау жөнінде Кәсіподақтармен консультациялар, бірыңғай кадрлық саясатын жүргізуге;
 - Кәсіподақ ұйымдары ұсынған мәселелерді алқалық ұйымдарда қарауға;
 - Салалық келісімнің жасалуына және орындалуына жәрдемдесуге;
 - кәсіподақтардың ұжымдық іс-қимылдарын Кәсіподақтың ұйымдастыруы мен жүргізуіне ынтымақтастық танытуға және оған қатысуға;
 - Кәсіподаққа және оған кіретін мүше ұйымдардың мүдделеріне қысым жасайтын іс-қимылдарға жол бермеуге;
 - өз қызметі туралы Кәсіподаққа мағлұмат беруге міндетті.

Осы міндеттер орындалмаған жағдайда Кәсіподақтың Атқару комитетінің мүше ұйымға тиісті ұсыныс енгізуге құқығы бар.

Мүше ұйымның сайланбалы органы ұсынысты қарап, бір ай мерзімде Кәсіподақтың Атқару комитетіне хабарлауға міндетті.

5. ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

5.1. Жергілікті кәсіподақтар және Кәсіподақтар өздерінің тәжірибелік қызметінде осы Жарғының шеңберінде өзара тығыз іс-әрекетте болады:

- кәсіподақ кадрларын іріктеу мен оқыту, олардың резервін жасақтау жөнінде бірлесіп жұмыс жүргізеді;

- кәсіподақтар съездеріне, конференцияларына делегаттарды, кәсіподақ ұйымдарының басшы лауазымдарына сайлау үшін кандидатураларды өзара келіседі;

- кәсіподақтың бастауыш ұйымдарына, Кәсіподақ құрамына кіретін локальды кәсіподақтарға, кәсіподақтың жергілікті ұйымдарына ұжымдық келіссөздер жүргізуде, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасауда; туындаған еңбек дауларын шешуде жәрдем көрсетеді;

- кәсіподақтың бастауыш ұйымдарына тәжірибелік, ұйымдастырушылық, әдістемелік, құқықтық көмекті бірлесіп көрсетеді;

- тиісті аумақта бірыңғай заңгерлік кеңестерін, кәсіподақтар инспекцияларын құруға шаралар қабылдайды, ынтымақ, жұмыссыздарға көмек қорларын құруға жәрдемдеседі;

- бастауыш ұйым құруға, кәсіподақ ықпалын нығайтуға және сала мен аймақты дамытудың әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын іске асыруға, Кәсіподақ ұйымдарының шешімдерін, басқа да жалпы кәсіподақтық іс-шараларды орындауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады;

- кәсіподақтардың және кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауда бірлескен акциялар өткізеді.

6. КӘСІПОДАҚТЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

6.1. Кәсіподақтың жоғарғы органы болып бес жылда кемінде бір рет Орталық Кеңеспен шақырылатын съезд есептеледі. Съездің шақырылу уақыты, өткізілетін орны, күн тәртібі, өкілдік нормасы, съезд делегаттарын сайлау тәртібі туралы оның басталуынан кемінде екі ай бұрын Орталық Кеңеспен белгіленеді.

Кезектен тыс съезд:

- Орталық кеңестің шешімі бойынша по решению Центрального Совета

- Кәсіподаққа кіретін бастауыш ұйымдар мен Жергілікті кәсіподақтардың кемінде 1/3-інің талабы бойынша шақыртылады.

Егер съездің жұмысына сайланған делегаттардың кеміне үштен екісі қатысқан болса, ол құқылы болып саналады.

6.2. Кәсіподақ Съезі:

- Орталық Кеңес және Бақылау-ревизиялық комиссияның қызметі туралы есептерін тыңдайды және талқылайды, олардың жұмысына баға береді;

- Кәсіподақ қызметтерінің бағдарламасын және кезекті міндеттерін белгілейді;

- Кәсіподақтың Жарғысын, Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.

Съездер аралықтарында Жарғыға және Ережеге ішінара өзгерістер мен толықтырулар Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің мәжілісінде енгізілуі мүмкін және олар әрі қарай съезде бекітіледі;

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің мүшелерін сайлайды немесе Кеңес тікелей өкілеттеу қағидаты бойынша құрылған жағдайда, олардың өкілеттілігін растайды;

- Кәсіподақ төрағасын және Бақылау-ревизиялық комиссияның мүшелерін сайлайды;

- Кәсіподақтың қызметін тоқтату туралы шешімді қабылдайды;

- Кәсіподақтың қызметіне байланысты кез-келген басқа шешімдерді қабылдайды.

6.3. Съездер аралықтарында Кәсіподақ төрағасы басқаратын Орталық Кеңес Кәсіподақтың басшы органы болып табылады. Орталық Кеңестің мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ жылына ең кемі бір рет өткізіледі әрі оның құрамына сайланған мүшелердің жартысынан астамы қатысқан жағдайда оның шешімі құқылы деп саналады.

6.4. Кәсіподақтың Орталық Кеңесі:

- съезд шешімдері мен Кәсіподақтың жарғылық міндеттерінің орындалуын ұйымдастырады және оған бақылау жасайды;

- Кәсіподақтың құқықтары және мүдделерін мемлекеттік, сот, шаруашылық органдарында және қоғамдық ұйымдарда өкілеттейді және қорғайды;

- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді, оларға ұйымдастырушылық, әдістемелік, кеңес беру және құқықтық көмек көрсетеді;

- кәсіподақтар бірлестігінің құрамына өзінің өкілдерін сайлайды немесе делегат жібереді;

- Кәсіподақ құрылтайшыларының (қатысушыларының) құрамын өзгертеді;

- Кәсіподақ Төрағасының орынбасарын (орынбасарларын) сайлайды;

- кірістер мен шығыстар сметасын бекітеді, Кәсіподақтың мүлкін иемдену, пайдалану және иелікету мәселелері бойынша нормативтік сипаттағы шешімдер қабылдайды;

- Кәсіподақтағы еңбекке ақы төлеудің мөлшерін және жүйесін белгілейді;

- Кәсіподақтағы есеп берулер мен сайлаулардың мерзімі әрі оларды жүргізу тәртібі туралы шешімдер қабылдайды;

- Кәсіподақтың нормативтік, жергілікті актілерін, Кәсіподақтың есеп беру-сайлау науқанын жүргізуді реттейтін актілерін бекітеді;

- съезд өкілеттік берген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

- өз қызметі туралы съезд алдында есеп береді;

- Кәсіподақ пен оның құрылымдық бөлімшелері басшыларының Кәсіподақ Жарғысы мен қабылданған шешімдерді орындау туралы есептерін тыңдайды;

- Кәсіподақтың төрағасы лауазымына үміткерлерді ұсыну тәртібін белгілейді;

- Атқару комитетін (Атком) сайлайды;

- Кәсіподақ төрағасын, Кәсіподақ төрағасының орынбасарын (орынбасарларын) олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сайлауды жүргізеді;

- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерін құру, қайта ұйымдастыру, қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды;

- Бақылау-ревизиялық комиссия туралы ережені және Филиал туралы ережені, Кәсіподақтың бастауыш ұйымы туралы ережені, оларға өзгертулер мен толықтыруларды бекітеді;

- оған съезбен берілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

6.5. Кәсіподақ Орталық Кеңесінің өкілдік мерзімі- бес жыл.

6.6. Оперативтік және ағымдық жұмысты жүргізу үшін Кәсіподақтың ОК-сі Атқарушы Комитет сайлайды, оның құрамына Кәсіподақ Төрағасы лауазымы бойынша оның орынбасары (орынбасарлары) кіреді. Атқарушы Комитеттің мәжілісі қажеттілікке қарай, бірақ жылына ең кемі төрт рет өткізіледі және Атқарушы Комитет құрамына сайланған мүшелердің жартысынан астамы оның жұмысына қатысқан жағдайда құқылы деп саналады.

6.7. Атқару комитеті:

- Кәсіподақ Орталық Кеңесінің мәжілістерін шақырады, оның күн тәртібін, өткізілетін күнін және орынын белгілейді;

- съездің және Кәсіподақтың ОК шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

- кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады әрі үйлестіреді, кәсіподақ қызметінің тәжірибесін жинақтайды әрі таратады;

- Кәсіподақ төрағасының ұсынысы бойынша Кәсіподақтың ОК аппаратының құрылымын, штаттық кестесін және санын бекітеді, Кәсіподақ құрған құрылымдық бөлімшелер мен ұйымдардың басшыларын бекітеді;

- Кәсіподақтың жоғары тұрған органдарына құрылымдық бөлімшелер тапсыратын статистикалық мәліметтердің тізбесін анықтайды;

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесі белгілеген өкілеттік шегінде Кәсіподақтың мүлкіне және ақшалай қаражатына басшылық жасайды;

- Кәсіподақ мүлкін иелену, пайдалану және өкімдік ету мәселелері бойынша нормативтік сипаттағы шешімдерді қабылдайды;

- Кәсіподақ мүшелері атынан салалық келісімдерді және ұжымдық шарттардың негізгі ережелерін белгілейді және олардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

- Орталық Кеңес табыстаған басқа да қызметтерді орындайды;

- Кәсіподақ мүшелері атынан салалық келісімдер мен ұжымдық шарттардың негізгі ережелерін айқындайды және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

- Жергілікті кәсіподақтың Салалық кәсіподақ құрамына мүшелі күйі ретінде кіруі туралы шешім қабылдайды;

- мүшелік кәсіподақ жарналарын есептеу және төлеуге байланысты қаржылық есеп беру көрсеткіштерін белгілейді;

- өкілдіктер мен филиалдардың бюджетін, сонымен қатар олардың аппараттарының штаттық кестесін бекітеді;

- Кәсіподақ бойынша тұтас алғанда жыл сайынғы жиынтық есеп беруді қарастырады және бекітеді;

- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері басшыларының Кәсіподақ Жарғысы және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берулерін тыңдайды;

- комиссиялар және басқа тұрақты немесе уақытша жұмыс органдарын құрайды, оларға өкілеттік береді;

- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің жарғылық, қаржылық қызметін тексеру туралы шешім қабылдайды, бұзушылықтар анықталған жағдайда мәселе біржолата шешілгенге дейін олардың банктегі операцияларын тоқтата тұрады;

- оған Орталық кеңес берген басқа да функцияларды орындайды.

Қажет жағдайларда Атқару комитетінің шешімдері жазбаша түрдегі сауалнама арқылы қабылдануы мүмкін.

6.8. Кәсіподақтың Орталық Кеңесі Атқару Комитетінің өкілдік мерзімі - бес жыл.

6.9. Кәсіподақ Төрағасы:

- жарғылық міндеттердің, съезд, Орталық Кеңес, Атқарушы Комитеттің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

- съезге, съезд аралықтарында – орталық Кеңеске есеп береді;

- Кәсіподақ Орталық Кеңесінің, Атқарушы Комитеттің жұмысын басқарады;

- мемлекеттік органдарда, жұмыс берушілердің бірлестіктерінде, қоғамдық бірлестіктерде, басқа ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда Кәсіподақ атынан шығады;

- қажет жағдайларда мәлімдеме жасайды, Кәсіподақ атынан үндеу және сұраным жібереді;

- ары қарай Атқарушы Комитетте бекіте отырып, кәсіподақ бірлестіктерімен, жұмыс берушілердің бірлестіктерімен, атқарушы органдармен, халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынастар туралы келісім жасайды;

- Орталық Кеңес, Атқарушы Комитет белгілеген құқықтар шегінде кәсіподақтың мүлкіне және ақшалай қаражатына иелік жасайды;

- Орталық Кеңеске Кәсіподақ төрағасы орынбасарының (орынбасарларының) лауазымына сайлану үшін кандидатураларын, сондай-ақ Кәсіподақ төрағасы орынбасарын (орынбасарларын) лауазымынан босату туралы ұсынысты енгізеді;

- кадр саясатын жүзеге асырады, қажет жағдайда Кәсіподақтың сайланбалы органдарына сайланған лауазымды тұлғаларды, олардың сайлау өкілеттіктерін тоқтатқанға дейінгі тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсынысты енгізеді;

- Орталық кеңес аппаратына жалпы басшылықты жүзеге асырады, құрылған кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау туралы ұсыныстарды енгізеді, олардың функцияларын белгілейді, еңбек шарттарын жасасу мен бұзуды жүзеге асырады, оларды моральдық және материалдық ынталандыру шараларын белгілейді;

- кадрлық саясатты жүзеге асырады, қажет жағдайда кәсіподақтардың

сайлаушы органдарына тұлғаларды жауапкершілікке тартуды жүзеге асырады, тіпті қызметінен босату туралы ұсыныстарды енгізеді;

- Орталық Кеңестің аппаратына жалпы басшылықты жүзеге асырады, құрылымдық бөлімшелердің басшыларын тағайындау туралы ұсыныс енгізеді, олардың қызметтерін анықтайды, жұмысшыларды жұмысқа қабылдау және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларды моральдық әрі материалдық көтермелеу шараларын жүзеге асырады;

- өкімдер шығарады, Кәсіподақ атынан сенімхат береді және оларды Кәсіподақ Төрағасының орынбасарына (орынбасарларына) беру тәртібін анықтайды;

- Орталық Кеңес пен Атқарушы Комитет өкілеттік берген басқа қызметтерді орындайды;

Кәсіподақ Төрағасы қызметі бойынша Кәсіподақ съезінің делегаты, Орталық Кеңес пен Атқарушы комитеттің мүшесі болып табылады, олардың мәжілісін жүргізеді.

6.10. Кәсіподақ төрағасының өкілеттілік мерзімі-бес жыл.

Кәсіподақ Төрағасымен еңбек шартын Орталық Кеңестің тапсырмасы бойынша Төрағаның орынбасары жасайды.

6.11. Съездер арасындағы кезеңде Кәсіподақ төрағасын өз бастамасы бойынша немесе басқа да негіздемелер бойынша, сондай-ақ Жарғыға қарамақайшы келетін әрекеттері үшін лауазымынан босату туралы шешімді Кәсіподақтың Орталық кеңесі қабылдайды.

Кәсіподақ төрағасын лауазымынан босату туралы шешім және онымен еңбек шартын бұзу туралы шешім, жаңа Төраға сайлау туралы шешім, егер оған Орталық кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады.

6.12. Кәсіподақ Төрағасының орынбасары (орынбасарлары) лауазымы бойынша Кәсіподақ съезінің делегаты болып табылады, Орталық Кеңес пен Атқарушы Комитет құрамына кіреді, өз қызметін міндеттерді бөлуге сәйкес жүзеге асырады.

Кәсіподақ Төрағасы болмағанда оның тапсырмасымен Кәсіподақ Төрағасының өкілеттігін жүзеге асырады.

Кәсіподақ Төрағасының орынбасары (орынбасарлары) Кәсіподақ Төрағасының ұсынысымен немесе Кәсіподақ филиалдарының ең кемі үштен бірінің талаптары бойынша, кворум болған жағдайда, егер бұл шешім үшін жиналым болған жағдайда отырысқа қатысқан Орталық Кеңес мүшелері ең кемі үштен екісі дауыс берсе лауазымынан босатылуы мүмкін

7. КӘСІПОДАҚТАҒЫ САЙЛАУ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ

7.1. Кәсіподақтағы сайлау төменнен жоғары қарай бір мезгілде жүргізіледі. Өкілеттік мерзімдері:

- цехтық және бастауыш ұйымдардың кәсіподақтық топ басшылары, кәсіподақ ұйымдастырушылары, кәсіподақ органдары үшін – бес жыл;

-кәсіподақтың, өкілдіктердің, филиалдардың басшылық органдары және

жергілікті кәсіподақтар басшылары үшін – бес жыл.

7.2. Кәсіподақта есеп беру-сайлау компанияларын өткізу мерзімі туралы шешімді Орталық Кеңес қабылдайды.

7.3. Өкілеттік нормасын, делегаттарды конференцияға, съезге сайлау тәртібін, сондай-ақ оларды өткізудің күні мен орнын тиісті кәсіподақ органы, бастауыш ұйымдарда – кәсіподақ комитеті, филиалда – оның Кеңесі, Кәсіподақ съезінде – Орталық Кеңес белгілейді.

Бастауыш ұйымдардың, филиалдардың төрағалары, олардың орынбасарлары – Кәсіподақ органының мүшелері және лауазымы бойынша тиісті ұйымдар конференцияларының делегаттары деп танылады.

7.4. Жұмыс берушілердің өкілдері кез келген деңгейдегі кәсіподақтың сайланбалы органдарында тұра алмайды.

7.5. Кәсіподақтың өкілдіктерінің, филиалдарының Кеңестері және Кәсіподақтың Орталық Кеңесі тиісті сайлау органы белгілеген үлестеме бойынша тікелей конференцияда және съезде сайлануы мүмкін немесе шақырып алу және ауыстыру құқымен өкілеттік беру қағидаты мен құрылуы мүмкін.

Кәсіподақ ұйымдарының басшылары мен сайланбалы ұйымдар мүшелерін сайлау кезіндегі дауыс беру түрін жиналыс, конференция, съезд анықтайды.

Кәсіподақтың, өкілдіктің және филиалдың төрағасы қызметіне сайланатын үміткерлер Кәсіподақтың сайланбалы ұйымдарында кемінде үш жылдық кәсіподақтық жұмыс өтілі бар Кәсіподақ мүшелері арасынан ұсынылады.

7.6. Жиналым болған жағдайда басқа үміткерлермен салыстырғанда дауысты ең көп алған және жиналысқа қатысушылардың, конференция, съезд делегаттарының, олардың жұмысына қатысқан сайланбалы кәсіподақ органдары мүшелерінің ең көп дауысын алған кандидаттар, кворум бар болғанда сайланды деп есептеледі.

7.7. Байланысты жоғалтқан, Кәсіподақтан шығып кеткен сайланбалы органдардың мүшелері тиісті сайлау органының шешімімен оның құрамынан шығарылады.

7.8. Қажетті жағдайларда кәсіподақ органдарына кезектентіс сайлаулар немесе олардың құрамына қосымша сайлаулар өткізілуі мүмкін:

- бастауыш ұйымдарда – комитеттердің кеңейтілген отырыстарында (бастауыш ұйым кәсіпорнының әрбір құрылымдық бөлімшесінен 1 Кәсіподақ мүшесінен);

- филиалдарда – филиалдар Кеңестерінің отырыстарында;

- Кәсіподақта – Кәсіподақтың Орталық кеңесінің отырысында.

Кезектен тыс сайлаулар сайланбалы орган мүшелері немесе олардың басшылары өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқанда немесе кәсіподақ органының, оның басшысының қанағаттанарлықсыз жұмысы жағдайында, олар Кәсіподақ Жарғысын бірнеше рет бұзған жағдайда жоғарғы тұрған кәсіподақ органының шешімімен өткізіледі.

Кәсіподақ органдарына қосымша сайлаулар сандай-ақішінара жаңарту қажет болған жағдайда өткізіледі.

7.9. Есеп беру-сайлау науқаны Кәсіподақтың уәкілетті органы олардың құзыреттіліктеріне сәйкес бекіткен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық

бірлестігінің кәсіподақ органдарында есеп беру-сайлау науқанын жүргізу жөніндегі нұсқаулық талаптарын қатау сақтаумен жүргізіледі.

8. КӘСІПОДАҚТЫҢ МЕНШІГІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

8.1. Кәсіподақ - оған белгіленген тәртіппен берілген, кәсіподақ жарғыларының есебінен сондай-ақ шаруашылық, баспа және басқа қызмет кірістерінен Кәсіподақ құрған немесе сатып алған мүліктің иесі болып табылады.

8.2. Кәсіподақ меншігін қалыптастыру көздері:

- Кәсіподақтың ақшалай және басқа да формаларда қолданыстағы заңнамаға сәйкес қалыптасқан мүлкі
- мүшелік кәсіподақ жарналары;
- ерікті жарналар мен қайырылымдықтар (садақалар);
- шаруашылық, кәсіпкерлік және басқа заңмен тыйым салынбайтын іс-әрекеттерден түсетін (кірістер);
- заңмен тыйым салынбаған өзге де түсімдер болып табылады.

Қызметтің кез келген түрінен түскен кіріс жарғылық мақсаттарға жіберіледі.

Мүлік Кәсіподаққа жеке меншік құқығында тиесілі. Иемдену, пайдалану және өкім жүргізу, меншік нысандарын өзгерту тәртібі Кәсіподақтың Орталық Кеңесімен белгіленеді.

Кәсіподақ өзіне тиесілі мүлікке қатысты заңнамаға қайшы келмейтін кез келген іс-әрекет жасауға құқылы.

Кәсіподақ мүшелері олардың кәсіподаққа берілген мүлігі мен мүшелік жарналарға құқылы емес

8.3. Кәсіподақтың филиалдары және бастауыш ұйымдарының пайдалануында Кәсіподақ берген мүлік болуы мүмкін.

8.4. Кәсіподақтың ақшалай қаражаты ай сайынғы мүшелік кәсіподақ жарналарынан және ерікті жарналардан, Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге түсімдерден қалыптасады.

8.5. Кәсіподақтың ай сайынғы мүшелік жарналары мына мөлшерде белгіленеді:

- жұмыс істейтіндер үшін айлық еңбекақының барлық түрлерінен бір пайыздан кем емес;
- штат қысқаруына, кәсіпорынның таратылуына, баланы бір жарым жасқа дейін тәрбиелеуге байланысты жұмысын уақытша тоқтатқандар үшін мемлекет белгіленген ең аз жалақының мөлшерінен бір пайыз;
- жұмыс істейтін зейнеткерлер үшін зейнетақысының мөлшерінен бір пайыз;
- студенттер мен оқушылар үшін стипендиясының мөлшерінің бір пайызы;

Мүшелік жарналар қолма-қол немесе кәсіподақ мүшесінің өтінішімен оның еңбекақысынан аудару арқылы төленеді. Аударымның нақты тәртібі ұжымдық шарт немесе әкімшілік пен кәсіподақ ұйымы арасындағы шарт бойынша белгіленеді.

Бастауыш ұйымдардың шешімімен кәсіподақтық мүшелік жарналарды

төлеудің көтеріңкі мөлшерлері тағайындалуы мүмкін.

8.5.1. Ерікті жарнаның мөлшері белгіленген мүшелік кәсіподақ жарнасынан жоғары бола алмайды.

8.6. Кәсіподақта мүшелік кәсіподақ жарналарын жинау мен бөлудің бірыңғай тәртібі белгіленеді.

Мүшелік кәсіподақ жарналарын Кәсіподақ мүшелері төлейді және олар мемлекет органдарында, сот органдарында, жұмыс берушінің алдында кәсіподақ мүшесінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға, ұжымдық келіссөздерді жүргізу кезінде әрі ұжымдық шарттар мен келісімдерді жасау кезінде, кәсіподақ мүшелеріне құқықтық көмек көрсету кезінде білікті маман кеңесшілердің еңбегіне ақы төлеуге, кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік қорғауға бағытталған ынтымастық және басқа қорларды құруға, Кәсіподақ мүшелерінің заңды құқықтарын қорғауға, акцияларын әзірлеуге және өткізуге, заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын сараптамалық бағалауды жүргізуге, ақпараттық және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға, кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту және басқа жарғылық мақсаттарға арналған.

Мүшелік кәсіподақ жарналары Кәсіподақ мүшесінің өтініші бойынша қолма-қол төлеу немесе қолма-қол ақшасыз аудару жолымен еңбек ақының барлық түрінен төленеді.

Мүшелік кәсіподақ жарналарын қолма-қол емес төлеу тәртібі келісім, ұжымдық шартпен, Кәсіподақ Жарғысымен белгіленген көлемде тағайындалады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымының Кәсіподақ мүшелерінің мүшелік кәсіподақ жарналары толық көлемде (жалпы жиналымның 100 пайызы) Кәсіподақтың есеп шотына аударылады. Мүшелік кәсіподақ жарналары (жалпы жиналым) ай сайын келесі көлемде бөлінеді:

- Бастауыш кәсіподақ ұйымының қызметін жүзеге асыру үшін 68%;
- өкілдік және филиал қызметін жүзеге асыру үшін 23%;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің қызметін іске асыру үшін 7%;
- Кәсіподақ Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясына жалпы жиналымның 2% аударылады.

- Кәсіподақтың мүшелік ұйымы болып табылатын Жергілікті кәсіподақ ай сайын Кәсіподақтың есеп шотына жалпы жиналымның 9% жібереді, оның ішінде:

- Орталық Кеңестің қызметін іске асыру үшін 7%;
- Кәсіподақ жалпы жиналымның 2% Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясына аударылады.

8.7. Кәсіподақтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қаражаттары осы Жарғыда қарастырылған қызметті қамтамасыз ету үшін олар бекіткен сметаларға сәйкес жұмсалады.

8.8. Жоғарғы кәсіподақ органдарына қаржылық есептер жарты жылда бір рет тапсырылады.

8.9. Кәсіподаққа ай сайынғы кәсіподақ жарналарын аударуды дәлелді себептерсіз тоқтатқан Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері Кәсіподақтың Орталық Кеңесі Атқару комитетінің шешімі бойынша үш ай мерзім өткен соң

Кәсіподақтың қорғаушы қызметтері бұл ұйымдарға қатысты тоқтатылатыны туралы ескертіледі.

8.10. Кәсіподақтың төрағасы, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері мен басқа мүшелік ұйымдардың төрағалары мүшелік кәсіподақ жарналарының жиналуының толықтығына және олардың міндетті түрде аударылу әрі бөліну тәртібінің сақталуына жеке жауапбереді.

9. КӘСІПОДАҚТЫҢ БАҚЫЛАУ-РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯСЫ, ОНЫҢ ҚҰРЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯЛАРЫ

9.1. Кәсіподақ пен оның құрлымдарының, олар құрған ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне, мүшелік кәсіподақтық жарналардың әрі басқа қаржы түсімдерінің есептелуіне және түсуіне, ақшалай қаражаттардың дұрыс жұмсалыуына, Кәсіподақ мүлкінің дұрыс пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссиясы тиісті сайланбалы органның өкілеттік мерзімі тәрізді мерзімге Кәсіподақ съезінде, ал құрлымдық бөлімшелердің ревизиялық комиссиялары олардың конференциялары мен жиналыстарында сайланады және қызметінде олар туралы съезде бекітілген Ережелерді басшылыққа алады.

Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссиясы барлық деңгейдегі сайланбалы органдардың қызметін ревизиялау және тексеруді жүзеге асырады. Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссиясы міндетті тәртіпте жергілікті кәсіподақтардың қызметінің бірінші жылы, кейін қаражаттық жыл біткеннен соң ревизиялау мен тексеруді жүзеге асырады.

Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің, соның ішінде жергілікті кәсіподақтардың ревизиялық комиссиялары Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссиясына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

9.2. Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссиясының төрағасы лауазым бойынша Кәсіподақ съезінің делегаты болып табылады, ал филиалдар мен бастауыш ұйымдардың ревизиялық комиссияларының төрағалары – тиісті конференциялардың делегаты болып табылады.

10. КӘСІПОДАҚТЫ ҚАЙТА-ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

10.1. Кәсіподақты қайта-құруға мыналар негіз болып табылады;
- Кәсіподақ статусының өзгеруі;
- Кәсіподақ филиалдары мен бастауыш ұйымдарының құқықтық жағдайларының өзгеруі. Кәсіподақ құрылымының өзгеруі және басқалар;

Қайта құру кезінде Кәсіподақтың барлық құқытары мен міндеттері оның құқық иеленушісіне өтеді.

10.2. Кәсіподақ қызметі, егер оның құрлымдық бөлімшелерінің саны осы Жарғыда оны құру үшін қарастырылған саннан кем болса, съезд шешімімен немесе сот шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

10.3. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі съезд шешімі

бойынша, съездері арасындағы кезеңде Орталық кеңестің немесе кейіннен Кәсіподақтың Орталық кеңесі бекітетін Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің конференцияларының (жиналыстарының) шешімдері негізінде тоқтатылуы мүмкін.

Кәсіпорындар құрылымы өзгерген кезде немесе қызметкерлерді босату арқылы кәсіпорындар таратылған кезде филиалдың ішкі құрылымын өзгерту Орталық кеңестің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіподақтың жаңа құрылымдық бөлімшесін құруда және Кәсіподақтың әрекет етуші құрылымдық бөлімшесі қызметін тоқтатқан жағдайда, құқықтық мирасқорлық және міндеттемелер, соның ішінде Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің сайланбалы органдары (құрамы, өкілеттік мерзімі) туралы шешімді Кәсіподақтың Орталық Кеңесі қабылдайды.

10.4. Мына жағдайларда шешім қабылданды деп саналады:

- Кәсіподақ қайта құрылған кезде, егер кворум болып, ол үшін съезд делегаттарының кемінде үштен екісі дауыс берсе;

- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі тоқтатылған (таратылған) кезде, егер кворум болып, ол үшін съезд, конференция делегаттарының кемінде үштен екісі дауыс берсе шешім қабылданды деп саналады;

10.5. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін тоқтату (тарату) туралы шешім қабылданған жағдайда оны тарату жөніндегі барлық ұйымдық шараларды тиісті құрылымдық бөлімшенің ревизиялық комиссиясы жүзеге асырады.

Филиалды тарату жөніндегі ревизиялық комиссияның қорытындысын Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекітеді.

10.6. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының жиналысының, конференциясының хаттамасы және ревизиялық комиссияның қорытындысы қызметті тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін үш күн мерзімінде Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің Атқару комитетіне жолданады.

10.7. Кәсіподақ қызметінің тоқталуы туралы шешім қабылданған жағдайда съезд тарату комиссиясын құрады, оның құрамына Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссияның мүшесі кіреді.

Қабылдаған шешім жайында тиісті Әділет органдары хабарландырылады.

Тарату комиссиясы Кәсіподақтың таратылғаны туралы, сондай-ақ несие берушілердің талап-шағымдарын беру тәртібі және мерзімі туралы ақпаратты Орталық әділет органдарының ресми мерзімдік баспаларында жариялайды. Талап-шағым беру мерзімі тарату туралы хабар жариялағаннан кейін – екі ай. Мерзім бекіткен соң несие берушілер шағым-талаптарды көрсетуі үшін тарату комиссиясы аралық тарату теңгерімін жасайды, оны Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекітеді.

Кәсіподақ немесе оның құрылымдық бөлімшесі таратылған соң қалған мүлік Кәсіподақ Жарғысында қарастырылған мақсаттарға жұмсалады.

10.8. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімінде тіркелген сәттен бастап - таратылу аяқталған, ал Кәсіподақ – қызметін тоқтатқан болып саналады.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Заңды тұлғаның құқығын заңнамада, осы Жарғыда, жергілікті кәсіподақтардың жарғыларында белгіленген шектерде іс-әрекет жасайтын Кәсіподақтың Орталық Кеңесі, оның Атқару комитеті, Жергілікті кәсіподақтар басшылары жүзеге асырады.